



АСТАНА

АҚШАМЫ

Наурыз нұры

Елордада Ұлыстың ұлы күні – әз-Наурыз мерекесі Сарыарқа ауданынан басталды. Аудан аумағында «Бауырсақ Time» фестивалі ұйымдастырылып, бір аптаға ды. Аудан аумағында «Бауырсақ Time» фестивалі ұйымдастырылып, бір аптаға жалғасты. Оның барысында 30 мың бауырсақ пісіріліп, халыққа таратылды. Астана Арбатында жергілікті өнерпаздар жұрттың көңілін көтерді. Мереке өткен сенбі-жексенбі күндері халықтық серуендерге ұласты.



Астана қаласы Мемлекеттік академиялық филармониясының солистері, республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаттары Перизат Тұрарова, Жанаргүл Рахатқызы, Жақсыкелді Маясаров, Президенттік оркестрдің солисі Айзат Қарабекова, домбырашы Құрманғазы Байтасов, Мәдина Ахметова, Олжас Сәбижан, Әйгерім Хасанова, Әсем Омарова, Айдана Смаханова және Бауыржан Нұрымбетов әннен шашу шашты. «Іңкәрім» хореографиялық ұжымы мың бұрылған билерді биледі. Көңіл көтеретін және спорттық ойындар ұйымдастырылып, жиналған жұртшылық «Қара жорға» биі қыздырды. Тойшыл қауым ұлттық салт-дәстүрлерді тамашалап, тоғызқұмалақ сынды ұлттық ойындарға қатысты. «Мирас» аула клубының мүшелері қазақ күресінің айла-амалдарын көрсетсе, «Сан-Сиро» мектебінің тәрбиеленушілері футболдан турнир өткізді. Тұрғын алаптарда тігілген киіз үйлерде дастарқан жайылып, халық палаудан, бауырсақтан, мерекенің басты тағамы – наурыз көжеден дәм татты.



«Кейінгі екі жылда Астананың тұрғын алаптарын аралап, концерт беріп жүрміз. Наурыз мерекесі кезінде ғана емес, Астана күнінде де, ЭКСПО уақытында да ұйымдастырылған концерттерге қатыстық. Шеткі аудандар тұрғындарының қала орталығында өтетін концерттерге жиі қатысуға мүмкіндігі бола бермейді. Ал тұрғын алаптардағы мұндай іс-шаралар халықтың көңілін көтереді, көрермен мерекені сезінеді. Өзіміз де марқайып қаламыз. Аталар, әжелер, ағалар, апалар, замандастарымыз, тіпті, балдырғандарға дейін келіп, бар ниетімен, шын ықыласымен әнінді тыңдайды. Бұл – біз үшін үлкен мәртебе, әрі шынайы шабыт сыйлайды. Наурыз – тіршіліктің бастауы, көзі, барлық нәрсенің жаңарып, күн мен түннің теңелетін уақыты, қазақтың айтулы төл мерекесі. Сондықтан бүкіл халық болып Наурызды ерекше күтеміз. Бұл – отбасылық мереке, татулыққа, береке-бірлікке шақыратын мейрам. Барша қазақстандықтарды Ұлыстың ұлы күнімен шын жүректен құттықтаймын» деді Клара Төленбаева.

Железнодорожный тұрғын алабының тұрғыны Базаргүл Қарабекова: «Біз үйіміздің маңайында өткізілетін Наурызға арналған концертке жыл сайын қуана келеміз. Мерекелік көңіл-күй сыйлағандары үшін ұйымдастырушылар мен әртістерге алғысымды білдіремін. Баршаңызға денсаулық пен бар жақсылықты тілеймін» десе, Интернациональный тұрғыны Әсемгүл Сүлейменова: «Концертке балалармен, көршілерімізбен, достарымызбен бірге, бүкіл отбасымызбен келдік. Наурыз мейрамын ауданымызда алғашқылар болып атап өткеніміз жақсы. 21-22 наурызда қаланың басты алаңдарында өтетін мерекелік іс-шараларға да барамыз» деді.



Промышленный тұрғын алабының тұрғыны Ырысты Кенжебекова: «Бұл жерде көп халық тұрады. Наурыз жыл сайын тойланады, керемет әншілер келіп өнерін паш етеді. Биыл, міне, мереке балаларға, тұрғындардың дем алуы үшін арнайы салынған жаңа спорттық ойын алаңы бар шағын саябағымызда өтуде. Қыс бойы көрмеген таныстарымызды кездестіріп, арқажарқа болып жатырмыз. Бұл іс-шараның өскелең ұрпақ үшін де тәрбиелік мәні зор, салт-дәстүріміз көрініс табады, ұлттық ойындарымыз ұйымдастырылады» деді.

Кеше Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының ұйытқы болуымен «Астана Наурызы – 2018» акциясы Керей және Жәнібек хандар ескерткіші алдынан басталды. Бүгін де жалғасатын бұл шара барысында 5 мыңнан астам сыйлық ұсынып, 10 мыңнан аса құттықтау парақтарын тарату, 30-дан астам ірі нысандарды аралау, 100-ден астам көшені автобуспен аралап шығу жоспарланды.



21 наурызда Пригородный және Үркер тұрғын алаптарында, ал 22 наурызда Көктал-1 және Өндіріс тұрғын алаптарында, 23 наурызда Сарайшық шағын ауданында мерекелік шаралар жалғасады. Осы күндері қалалық алаңда «Бауырсақ Time» фестивалі де кезекті рет өтеді.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ